

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2025 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама

Шаян ауылы

13.08.2025 жыл

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» ШЖҚ «Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы» 2025 жылғы 25 маусымдағы № 171 н/к бұйрығы.

2. Ішкі талдаудың объектілері және басшылары:

Рысбеков Бексұлтан Сауранұлы Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы ШЖҚ МКК басшысының орынбасары – топтың төрағасы, Айтуаров Батыр Ағабекұлы, Тлепов Марат Бейсенбайұлы, Теміров Байкен Макенұлы, Ораз Сауле Бейбітқызы.

4. Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2025 жылдың 02 шілде – 13 тамыз аралығы.

5. Ішкі талдау қамтыған кезең:

2024жыл және 2025 жылдың 6 айы.

6. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болмады.

Ішкі талдау келесідей бағыттар бойынша жүргізілді.

1) Бөлімнің қызметін реттейтін заңнамалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелер бойынша талдау объектісі қызметіндегі сыбайлас қауіптерін анықтау.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобы бөлімнің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдар, Кодекстер, нормативтік-құқықтық актілер, басқа да құқықтық актілерді қарастырады.

Қазіргі таңда «Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да барлығы штат бойынша 861 қызметкер жұмыс жасайды.

Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермеленген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер:

2024 жылдың 01 қаңтар айынан 80 адам қабылданған (11 конкурс нәтижесімен, 69 жұмыспен қамту орталығынан келгендер);

2025 жылдың 06 айында 51 адам қабылданған (15 конкурс нәтижесімен, 36 жұмыспен қамту орталығынан келгендер).

Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:

Кәсіпорында шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптары сақталған.

Кәсіпорын басшысымен 2024 жылы – негізгі құраммен 225, жеке құраммен 2635 бұйрық, 2025 жылдың 6 айы -негізгі құраммен 172, жеке құраммен 1312 бұйрық шығарылған.

Кәсіпорын бойынша;

2024 жылдың қыркүйек айынан бастап үміткерлерді jumys «SmartNation» порталындағы денсаулық сақтау ұйымының орта медициналық персоналының (мейіргер, фельдшер, акушер, зертханашы) бос орындарға конкурстық іріктеуге қатысып, jumys «SmartNation» порталындағы қадамдардан өтіп, бос және уақытша бос орындарға орналасушылардың жұмысқа сәйкестігін, білім деңгейін және біліктілігін анықтау үшін сұхбаттасу жұмыстары жіргізіліп қабылданады.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 106-VII Заңының 16-бабына сәйкес шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілі қолданғанда, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының заңдылықтарын қатаң сақтай отырып, келісім шарт түзуді және алдағы уақытта шарт жасасу арқылы, бір көзден сатып алуды мейлінше азайтуды ескертілді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы бойынша толықтай компьютерлік техникамен қамтылған.

Бәйдібек аудандық орталық ауруханаға қарасты медициналық амбулаториялар, бекеттерде интернетке кіру мүмкіндіктері **100%** құрайды.

Кәсіпорын бойынша 2 медициналық ақпараттық жүйесі (**ДАМУМЕД, КӨМЕК**) жұмыс жасауда.

Дәрігерлер және орта буынды дәрігерлер медициналық ақпараттық жүйесімен жұмыс істеуге **100%** оқытылған.

Сонымен бірге, МАЖ қолдана отырып, аудан тұрғындары түгелімен электронды паспорты 95 % қамтылған. Дәрігердің қабылдауына алдын ала жазылу, дәрігерді үйге шақыру және медициналық анықтамаларды алу қызметтері электронды түрде атқарылады.

Кәсіпорында «Даму» ақпараттық технологиялар орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі базасында қашықтықтан қызмет көрсету PACS жүйесіне қосылу, цифрлық медициналық ақпаратты, бейнелерді өңдеу, сақтау және беру мақсатында PACS жүйесі жұмыс жасайды.

Қорытынды:

1. Бірқатар бұйрықтарда «Негіздеме» бөлімі көрсетілмеген, сондай-ақ заңнамалық немесе ішкі нормативтік актілерге сілтеме берілмеген.
2. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінде бір көзден сатып алу тәсілін қолдану фактілері орын алған.
3. Өтінішке келіп түскен хаттарға мазмұны мен рәсіміне сай келмейтін, дұрыс емес жауаптар берілген.

«Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша ұсынады:

1. Кәсіпорында бұйрықтар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулысының талаптарына сәйкес жүргізуді;
2. Бұйрықтар рәсімдеген кезде Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» №414-V ҚРЗ Кодексінің талаптарын қатаң сақтауды;
3. Қазақстан Республикасы 2024 жылғы 01 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» №106-VIII ҚРЗ Заңын қатаң сақтауды;
4. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» №88-V Заңының қатаң сақтауды

Жұмыс тобының мүшелері:

Б.Рысбеков

Б. Теміров

Б.Айтуаров

М.Тілепов

С.Ораз